



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«САЙЛАУ НӘТИЖЕСІ – ХАЛЫҚТЫҢ БЕРГЕН БАҒАСЫ»



«Енді біздің ортақ мақсатымыз – заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру. Қоғамды трансформациялап, Қазақстанды шынайы демократиялық институттары дамыған елге айналдыру үшін ауқымды жұмыс атқаруымыз керек. Сонда ғана ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, қастерлі тәуелсіздігімізді нығайтамыз». Өткен сенбіде еліміздің жүрегі – Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімінде айтылған бұл сөзді әр қазақстандық ерекше сезіммен қабылдағаны ақиқат.

(Соңы 3-бетте)

«ӘДІЛДІКТІ ТАЛАП ЕТ!»

ЖОЛ САПАСЫ – ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Жақында «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұйымдастыруымен «Әділдікті талап ет!» республикалық акциясы өтті.

Науканның басты мақсаты – қоғам арасында жемқорлыққа төзбейтін орта қалыптастырып, бұл үрдіске ел азаматтарын барынша жұмылдыру. Аталмыш іс-шара жемқорлыққа болуы немесе орын алуы мүмкін деген, қоғамды алаңдататын мәселелердің кең ауқымын кезең-кезеңге бөліп қамтыды.

Бірінші кезеңде автожол саласындағы мәселелерге тоқталып, жолдарды салу, жөндеу және күтіп ұстау барысындағы жемқорлық тәуекелдерін анықтауға назар аударылды.

2022 жылғы 14 шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жол салу саласында сыбайлас жемқорлыққа бейімділік көрсеткішінің жоғары екенін атап өтіп, елімізде жол салу барысындағы жемқорлық тәуекелдерін анықтауға назар аударылды.

Барлық кінәлілерді заңға сәйкес жауапкершілікке тарту қажет», – деді.

Азаматтар науқанға Adildik.kz веб-сайты арқылы қосылып, 1463 call center бойынша Қазақстан автожолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау саласындағы жемқорлық туралы ақпаратты хабарлау арқылы қатысты.

Акция барысында Шымкент қаласы бойынша 128 өтініш, ал 1463-колл орталығына 13 өтініш келіп түскен. Сапасыз жол бойынша ең көп арыз Абай ауданы бойынша келген.

Сонымен қатар, акция барысында Шымкент қаласы автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі басқармасынан кепілдік мерзімінде тұрған жолдардың тізімі сұратылды. Уәкілетті орган ұсынған ресми мәлімет бойынша мұндай жолдар – 120. Берілген тізім бойынша кепілдік мерзіміндегі жолдарға таңдамалы түрде тексеріс жүргізілді.

Тексеріс барысында анықталған құқық-бұзушылықтар бойынша уәкілетті органдарға

тиісті хаттар жолданды. Нәтижесінде кепілдігі бар 7 жол жөнделіп, қалпына келтірілді. Кепілдігі жоқ және коммуналдық, жол белгілерінің дұрыс қойылуы, т.б. жайлар бойынша ондаған мәселе оң шешімін тапты.

Жалпы акция қорытындысы бойынша жол құрылысы саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің барлығы зерделеніп, бірлестік тарапынан республикалық деңгейде 17 мәселе анықталып, ұсыныстар жолданды.

Сапасыз жолдар – тасымалмен айналысатын бизнес-қауымдастығының да өзекті проблемасы болып отыр. Жалпы, транспорт жүйесі – ұлттық экономика үшін маңызды деп саналатын еліміздің инфрақұрылымы. БӘФ ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің көрсеткішіне сәйкес жол сапасы жөнінен біздің ел 138 елдің ішінде 108-орында тұр.

Сол себепті, жол сапасы әрқашан біздің жіті назарымызда бола бермек.

Айжан КЕСЕБАЕВА,
«Әділдік жолы» РҚБ Шымкент қаласындағы филиалының басшысы



«ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ, БІЛІМНЕН ЕМЕС, МІНЕЗДЕН»

2-бет



ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

3-бет



ҚАНҒА МАЛЫНҒАН НЕКЕ ЖҮЗІГІ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Теңізжан ЖӘНІБЕКОВ,
Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментінің басшысы:

«АЯҒЫН ШАЛЫС БАСҚАНДАР ДА БІЗДІҢ ҚОҒАМНЫҢ АДАМЫ»

– Теңізжан Нұрмаханұлы, сіздің құқық қорғау органдарындағы қызметіңіз сонау 90-жылдары Ресейдің Свердловск қаласынан басталғанын білеміз. Одан кейін Алматыда, Астанада, еліміздің өзге де өңірлерінде қызмет атқардыңыз. Сұхбатымызды қылмыстық атқару жүйесінің қиын да, қыр-сыры мол жұмысынан бастасақ.

– Үкіметтің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы №893 қаулысымен Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті Шымкент қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне біріктіру арқылы қайта ұйымдастырылды.

(Соңы 5-бетте)

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», демекші, қоғамдық тәртіп кез келген қоғамның қалыпты тіршілігінің басты шарты саналады. Себебі, ортақ тәртіпсіз кез келген мемлекеттің дамуы мүмкін емес. Алайда, арамызда тәртіпті сақтамай, талапқа бағынбайтындар да бар. Бірі абайсызда, енді бірі қасақана түрлі құқық бұзушылықтарға жол беріп жатады.

КЕСЕЛДІҢ САЛДАРЫМЕН ЕМЕС, СЕБЕБІМЕН КҮРЕСКЕН ЖӨН



Құқық бұзушылық – заңнамаларда жауапкершілік көзделетін, жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүддесіне зиян келтіретін адамның құқыққа қарсы, кінәлі әрекеті не болмаса әрекетсіздігі болып табылады. Қоғамдағы құқық бұзушылықтың алдын алуды мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, барлық меншік нысанындағы ұйымдар, азаматтар жүзеге асырады. Құқық бұзушылықтың алдын алу азаматтар құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғау, заңдылық, жариялылық, ізгілік, ғылыми негізділік, кешенді тәсілдер және профилактикалық ықпал ету шараларын саралау қағидатына негізделеді. Құқық бұзушылықтың алдын алу жалпы, арнайы және жеке шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, адамның және азаматтың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін, қоршаған ортаны, меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқығы мен мүддесін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғап, олардың жасалуының алдын алуда әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнаманың ықпалы ерекше. Аталған кодекстің 25-тарауы қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтарға арналған. Атап айтсақ, ұсақ бұзақылық, ортақ пайдаланатын орындарды ластау, кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық, тыныштықты бұзу, арнаулы қызметтерді

көрінеу жалған шақыру, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау, қоғамдық орындарда тиісу және т.б. Әкімшілік жауаптылыққа әкімшілік құқықбұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке және заңды тұлға жатады. Сонымен қатар, құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында әкімшілік жаза қолданылады. Осы орайда, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін ескерту жасалып, әкімшілік айыппұл, арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу, камаққа алу, т.б. әкімшілік жаза түрлері қолданылуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Қорыта айтсақ, құқық бұзушылықтың алдын алып, қоғамдық тәртіпті сақтау баршамыздың ортақ міндетіміз.

Гульмира СУЙЕУОВА,
Ақтау қалалық Әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған соты
судьясы

ЖЕМҚОРЛАРДЫ ӘШКЕРЕЛЕГЕНДЕРГЕ СЫЙЛЫҚ БАР

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда сыбайлас жемқорлық қылмыстарға «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктегі емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» деп түсініктеме берілген.

Жемқорлық әрекеттері экономиканың дамуына кедергі жасайды, елдегі саяси әлеуметтік ахуалдың шиеленісуіне, мемлекеттік басқару жүйесінің бұзылуына алып келеді. Мемлекеттік

билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді. Ұйымдасқан қылмыстың, әсіресе экономика саласында өсуіне ықпал жасайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті, жемқорлықты анықтау, алдын алу және өз құзыреті шеңберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдары арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресуге көмек көрсеткен, куәгерлік еткен адамдардың қауіпсіздігіне заңмен кепілдік берілген. Мұндай азаматтар мемлекет қорғауында болады, сондай-ақ, арнайы сыйақы беріледі. Бұл жағдай азаматтардың белсенді іс-әрекет етуіне оң ықпалын тигізуде.

М.ТИМЕТОВ,
Абай аудандық сотының судьясы
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

«ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ, БІЛІМНЕН ЕМЕС, МІНЕЗДЕН»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінде жақында «Заңгерлер апталығы» өтті. Мұндай апталықтың білім алушыларға берері мол. Апталықты колледж директорларының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, ұлағатты ұстаз Мадина Аппақова ашып берді. Шараның жақсы өтуі, пайдалы болуы оқытушылар мен студенттердің белсенділігіне байланысты екенін айтқан Мадина Несіпбекқызы колледж қабырғасында ұйымдастырылған апталыққа үлес қосуға шақырды.

«Заңгерлер апталығы» кешенді шараларды қамтыды. Апталық барысында студенттер бұған дейін оқып үйренгенін тәжірибеде қолдануға, өз қабілет-қарымын сынауға мүмкіндік алды. Ал ұстаздар мен топ жетекшілері студенттерді қызықтырған тақырыптарға ашық сабақ өткізіп, дөңгелек үстел, семинар, тренингтер жүргізуге мұрындық болды.

Айталық «Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік төлемдер» тақырыбында дәріс өткен Шолпан Мусалаеваның ашық сабағына студенттер үлкен қызығушылықпен атсалысты. Олар заңдағы негізгі баптарға тоқталып, оны өмір шындығымен байланыстыра білді.

Саян Оңғаровтың «Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер» атты тақырыптағы семинар сабағы ұстаз бен шәкірт арасындағы диалогқа құрылды. Кең ауқымды мәселелерді қамтыған бұл дәріс барысында студенттер өз ойын жеткізіп, фактілерді «сөйлетуге» үйренді.

Кәсіпкерлік құқық пәні бойынша Ақтөре Әуелов өткізген ашық сабақтың да шәкірттерге берері мол. Кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлер

құқығын қорғау тақырыбы қоғамда қашанда өзекті. Сабак барысында қарапайым халық тарапынан заңгерлерге жиі қойылатын сауалдарға жауап ізделді. Мұның өзі жастардың алдағы уақытта өз кәсібін қиындақсыз бастауына, әрі айналасындағыларға сауатты құқықтық көмек беруіне ықпалын тигізері ақиқат. Сонымен қатар, апталық барысында колледж ұстаздары «Темекінің, есірткінің, алкогольдік ішімдіктердің зияны», «Туған жер – алтын бесігім»,

«Әдептілік – әдемілік» деген тақырыптарда студенттермен дөңгелек үстелдер ұйымдастырды.

Білім нәрімен сусындап жатқан жастардың оқып, үйренуіне ғана назар аудармай, әдебіне, мәдениетіне қызығушылығын арттырып, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін нығайтқан маңызды. Алаш арысы Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету, білімнен емес, мінезден» деп тегін айтпаған. Бұл апталық барысында да шәкірттердің білімін көтеруге ғана емес, көркем мінезді, әдепті ұл-қыз болып тәрбиеленуіне басымдық берілді.

Меруерт АБИШЕВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ колледжі заң пәндерінің
оқытушысы



АШЫҚТЫҚ СЕНІМДІ НЫҒАЙТАДЫ

Ашықтық, қолжетімділік – өзара сенім мен шынайы қарым-қатынастың кепілі. Қарапайым халық пен сот арасындағы байланысты нығайтуда қызметті барынша ашық студің маңызы зор. Соған орай сот жұмысында жаңа технология жетістіктерін енгізу бойынша ауқымды шаралар қолға алынғаны белгілі. Жоғарғы Соттың бастамашылығымен тәжірибеге енгізілген соны өзгерістердің басында «Төрелік» жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі тұр. Сонымен бірге, сот өндірісіне түскен арыз, материалдардың компьютердің көмегімен судьяларға автоматты түрде тең бөлінуі де қоғамның сот жұмысына деген оң ілтипатын тудырғаны анық.

Шын мәнінде «Сот кабинеті» сервисі барлық саланың қызметіне қозғау салған ерекше жоба болды. Осы сервис арқылы азаматтар өз арыз-шағымын сот ғимаратына бармай-ақ жолдауға болатынына көз жеткізді. Бұл сервис азаматтарға сірескен кезектің не екенін ұмыттырды, уақыт пен қаржыны тиімді жоба арқылы да үнемдеуге болатынын ұқтырды. Жаңа бастаманы уақыт өткен сайын жетіл-

діре түскеннің арқасында «Сот кабинеті» сервисі арқылы азаматтар бүгінде көптеген қызметті оңтайлы алып отыр.

Сервис арқылы түскен талап арыздар соттың да, сотқа жүгінген адамдардың да уақыты мен жұмысын қысқартады. Мысалы, егер азамат немесе заңды тұлға уақыты мен ақшасын жұмсамай, үйден талап арыз жіберсе, ол сот базасына электронды түрде түседі. Сот қызметкері арызды тіркейді. Ол үшін құжаттарды сканерлеп, оларды талап арызбен бірге жолдап, содан кейін ЭЦҚ кілтпен қою қажет. Мұның барлығы сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен өзара байланысын төмендетіп, сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті қысқартуға ықпал ететінін атап өткен жөн. Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді оңайлатып, бюрократиялық кедергілерді жояды деген сенімдеміз.

Гаухар ШАЛАБАЕВА,
Алматы қалалық Қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы

ШЕТ ТІЛДЕРІ МАМАНДАРЫНЫҢ ҰСТАХАНАСЫ

Халқымызда «көз жеткізер, көз жеткізбегенді сөз жеткізер» деген даналық сөз бар. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін БҰҰ деңгейінде мойындалған әлемдегі 193 елмен қарым-қатынасты дамытуда шет тілдерін білетін мамандарға деген сұраныс бұрынғыдан артты. Бұл бағыттағы жұмыста әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультетінің де өзіндік орны бар. Еліміздің жетекші жоғары оқу орны шығыс елдерінің 15 университетімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Сонымен қатар, халықаралық бағдарламалар мен жобалар шеңберінде де студенттер мен оқытушылардың шетелдік тәжірибесін жүзеге асырып келеді.

Студенттер мен оқытушылар стажировкадан өтетін шығыс елдерінің белді оқу орындары арасында Қытайдың Шанхай Финанс-экономикалық университеті, Синьцзян университеті, Орталық экономика және бизнес университеті (Бейжің), Қытай мұнай және газ университеті, Бейжің технологиялық университеті, Ляньжоу университеті, Бейжің тіл және моде-ниет университеті, Бейжің шет тілдері университеті, Тяньцзинь универси-теті, Циньхуан университеті, Нанкин университеті, Сычуань университеті; Үндістанның Хинди тілі орталық

институты (Дели), Иранның Теге-ран университеті; Кореяның Пайчай университеті, Корей тіл институты (Сеул), Ханг ук университеті, Ихва университеті, Каннам университеті, Пусан университеті; Түркияның Ан-кара университеті бар.

Білікті мамандар шоғырланған, оқу-тәрбие үдерісі мен ғылыми-зерттеу жұмысы жақсы жолға қойылған факультеттегі Қазақстан шығыста-нуының басты орталығы – Қытайтану кафедрасы. Оның қызметі – жоғары санаттағы, терең теориялық білімді меңгерген, Қазақстан мен Қытай арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту барысында қытай тілінен, тарихы мен мәдениетінен, саясаты мен экономикасынан жоғары деңгейде білім көрсете білетін кәсіби маман-дарды даярлауға бағытталған. Бұл кафедрада: шығыстану, аударма ісі (қыт.тілі), шетел филологиясы бойынша мамандар дайындалады. Мәселен, шығыстанушы кем дегенде шығыс-тың бір, батыстың бірнеше тілін, ауызша және жазбаша аударманың дағдысын игерген, оқитын аймақтың дінін, доктринасын, құқығын, әдеби-етін, дәстүрлі мәдениетін толық және жан-жақты меңгерген маман иесі. Ау-дарма ісі (қытай тілі) мамандығы сту-денттерге барлық салалардағы ауызша және жазбаша аударманың аудару

шеберлігін және аудару дағдыларын жан-жақты жетік меңгеруге септігін тигізеді. Бұл мамандықта оқитын сту-денттер алмасу бағдарламасы арқылы Қытайдың университеттерінде тілдік тәжірибеден өтеді. Олар онда ауызша аудару әдісін, тыңдап түсіну дағдысын меңгереді.

Шетел филологиясы мамандығы-ның студенттері екі шетел тілін мең-геріп қана қоймай, тілдерді оқыту теориясын және меңгеріп, әлеумет-тік өмірдің әр саласында қолданып, тәжірибе жасай алады. Осы арада факультеттің қытайтану кафедра-сы жетістігінің бірін атап өткен ар-тық болмас. Студенттер арасындағы «Қытай тілі көпірі» сайысының Қа-зақстандағы қорытынды сынында доцент Г.Алиханқызының жетекшілі-гімен Мәдина Кенжебекова бірінші орынды жеңіп алды. Соның нәти-жесінде Қазақстан 126 мемлекеттен өкілдер қатысқан «Қытай тілі көпірі» сайысында үздік деп танылған 30 елдің қатарында болды. Бұл оған сабақ берген ұстаздардың да қажыр-лы еңбегі мен ғылыми жұмыстардың нәтижесі деп айтпа аламыз.

Гүлия АЛИХАНҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Шығыстану факультеті
Қытайтану кафедрасының доценті

«САЙЛАУ НӘТИЖЕСІ – ХАЛЫҚТЫҢ БЕРГЕН БАҒАСЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еліміздің жаңа да ескі Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі мен ісі бір жерден шығатын сияқты. Олай етпесіне амал да жоқ. Өйткені, бұл жолы оған артылған сенім, үміттің жөні бөлек. Отыз жылғы алдау-арбау мен кері кеткен жүйеден шаршаған халық жаңа да ескі Президенттің қателескенін, сөзінен танғанын кешіре алмайды. Құдайдың екінші аты – халық. Халық каласа қорқытады, терең батырады. Мұны Тоқаев мырзаның зерделеп, көкейіне түйгені, жауапкершілікпен сезінгені осы Қазақстанның алдағы жеті жылдағы Президенті ретінде ұлықталу салтанатында анық байқалды.

Бұл тарихи сәт барша қазақстандықтардың көз алдында өтті. Өйткені, ұлықталу рәсімі мемлекеттік телеарналар мен ютуб платформасы арқылы тікелей таратылды. Еліміздің зиялы қауымы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, өнер, мәдениет өкілдері, құзырлы ұйымдар, азаматтық ұйым белсенділері сынды жақсылар мен жайсандарымыз осы күні ұлықталу сәтінің төрінен табылды. Олардың арасында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та болды. Бұл жолы шетелдік қонақтар көрінбеді. Мұны кейбір отандастарымыз әлеуметтік желілерде оң бағалап, қаржыны босқа шашпау үлгісі деп жатты.

Ал, жалпы ұлықталу рәсімі барлық жөн-жоралғысымен өтті. Алдымен көк Туымыз бен Президент Байрағы, сондай-ақ ҚР Конституциясы Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына әкелінген соң ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мырза кіріп, мінберге көтерілді. Мемлекет басшысы Конституцияның 42-бабына сәйкес «Қазақстан халқына адал

қызмет етуге, ҚР Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президенті ретінде өзіме жүктелген мәртебелі міндетті адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін!» – деп халыққа ант берді. Дәстүр бойынша сайланған Қазақстан Президентінің қызметке кірісу құрметіне орай Мемлекеттік Әнұран ойналып, 21 рет зеңбіртектен оқ атылды. Ал «Ақорда» резиденциясының үстінде Мемлекеттік Ту көтерілді. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа ҚР Президентінің куәлігін тапсырды.

Бұдан соң Мемлекет басшысы сөз алып, халыққа жүрекжарды лебізін арнады. Ұлықталу рәсімінің толғансты да жауапты сәті де осы болды. Өйткені, онда Президент өзіне сенім артқан халыққа алғыс айтудан бастап, Қазақстанның бүгінгі және келешегінің міндеті мен стратегиялық бағытын айқындаған арман-мақсатын, жоспарын бөлісті. Онда әділетті мемлекет, әділетті экономика және әділетті қоғам тіркестері жиі қолданылды. Жалпы, Мемлекет басшысының айтуынша, сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауы берді. Осыған ерекше ризалығын білдіре келіп, Тоқаев: «Шын мәнінде, ел сенімін ешнәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жыл бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың

алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік» деп осынау жауапты жүкті көтеруге дайын екенін, оған барлық, күш-жігерін, білім-білігін арнауға құмбыл екенін білдірді.

Қазір қиын-қыстау жолдың басында тұрғанымыз, атқаратын жұмыстың көптігі белгілі. Президент осы жолда әрбір азаматты елдің болашағы үшін өз жауапкершілігін сезінуге шақырды. Мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты – білім беру ісінен бастап индустрияландыруға дейін қоғамның барлық саласын жаңғырту қажет екеніне айрықша назар аудартты. Еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің негізін жаңа технологиялар, жоғары еңбек өнімділігі, азаматтардың шығармашылық бастамалары құрайтынын шегелей айтты.

Басты міндет ретінде айқындалған мәселенің бірі – іскер азаматтарымыздың кәсіпкерлік рухына зиянын тигізетін жасанды кедергілер мен шектеулердің бәрін жою болды. Бұл орайда Президент кәсіпкерлер бизнеске жүргізілетін себепсіз тексерулерді біржолата ұмытуы қажеттігін атап өтті. Олар тек салық органдарының алдында ғана есеп беруі керек. Мемлекет пен бизнес – сенімді серіктестер. Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіретіндердің бәрі заңға сәйкес қатаң жауапқа тартылуы тиіс.

Елді ауқымды индустрияландыру, инфрақұрылымдар салуды және жаңғырту шаралары жедел қолға алынатын болады. Өйткені, кең байтақ еліміздің әр өңірінің дамуына тың серпін беру маңызды. Шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жекеменшікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыйбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Сондықтан заң алдында бәрінің тең бо-

луы – мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуының негізгі шарты. Барлық мәселе, әсіресе, түйткілді және даулы проблемалар конструктивті диалог арқылы, ең алдымен, Парламентте шешілуге тиіс. Алдағы Сенат және Мәжіліс сайлауы осы мүмкіндікті береді.

Мемлекет басшысы осы ретте ұлттық бірлікке қатысты өз ұстанымын ашық білдірді. Оның айтуынша, «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын қатаң сақтауымыз керек. Қоғамда араздық туғызатын және ұлттың бірлігін бұзатын, түптеп келгенде, мемлекетімізге қарсы бағытталған арандатушылық әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады.

Халықтың тілегі мен заман талабына сай тиімді мемлекет құру тарихи міндеті мықты кадрлардың күшімен орындалатыны анық. Бұған қол жеткізу үшін мемлекеттік қызметке нақты сектордан меритократия және ашық бәсекелестік қағидаттарына сай іріктеуден өткен жаңа басқарушы азаматтар алынуы тиіс. Мемлекет басшысы осы орайда президенттік кадр резервінің мүшелерінің белсенді түрде тартылатынын айтты.

Сонымен қатар, дәл осы күні бірнеше жарлыққа қол қоятынын мәлімдеді. Өйткені, қазір – сайлаудағы жеңісті тойлайтын емес, аянбай еңбек ететін кез. Сол себепті, арқаны кеңге салмай, бірден іске кірісу керек. Жарлықтың алғашқысы Президенттің сайлауалды бағдарламасында көрініс тапқан бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы тұратын ауылды өркендету ісіне арналды. Тоқаев мырзаның айтуынша, осы құжат негізінде Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеу міндеттеледі. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргізіледі.

Осы күні қол қойылған екінші жарлық әділдікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активті қайтаруға бағытталмақ. Оны жүзеге асыру үшін Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтаруға қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлейді. Сонымен қатар онда әділетсіз баюға және активтерді заңсыз шығаруға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою тетіктері дәйектесіледі. Қайтарылған барлық қаражат азаматтардың игілігіне жұмсалуда

Алматыда «Орталық Азиядағы климаттың өзгеруінің әсерін ескере отырып, төмен көміртекті дамудың өңірлік ынтымақтастығы» тақырыбында II Орталық Азия форумы болды. Елімізде биыл екінші рет өткен бұл шараны Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы Германия үкіметімен бірлесіп және тапсырысқа сай іске асырылатын климат жөніндегі өңірлік бағдарламалардың қолдауымен ұйымдастырды.

II ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ФОРУМЫ ӨТТІ

Ол алғаш рет «Өңірлік ынтымақтастық және көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге арналған іс-қимыл жолдары» деген тақырыппен 2021 жылы 1-2 қазанда Түрікстан қаласында өткен. Онда Орталық Азия елдерінің қоғамдық ұйымдары көміртекті бейтараптық декларациясына қол қойған болатын.

– Пленарлық мәжілісте Орталық Азия елдерінің спикерлері мен халықаралық сарапшылар өздерінің көзқарастары мен ұлттық стратегияларын ұсынып, табысты тәжірибелері, қиындықтарымен бөлісті. Онда бізді алаңдатып отырған және күтіп тұрған жаһандық саясат мәселелері, оның біздің аймақта қолданылу мүмкіндігі сөз болып, экономикаларды трансформациялауға қатысты қабылданған шаралар туралы айтылды. Олар бізді күтіп тұрған және мүмкін болатын тәуекелдерді, соның ішінде жұртшылықтың рөлін және онымен өзара әрекеттесуді сипаттайды, – деді Қазақстан экологиялық ұйымдары қауымдастығының басқарма төрайымы Айгүл Соловьева. Оның айтуынша, климаттың өзгеруі Орталық Азияның дамушы елдері үшін де басты мәселенің бірі. Аймақтағы бес ел Париж келісімін ратификациялады және енді 2021 жылы жаңартылған «Шығарындыларды азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі іс-қимыл жоспарымен» бөлісуді жоспарлап отыр. Қазақстан, Түрікменстан және Озбекстан жасыл экономика тұжырымдамасы бойынша ұлттық мақсаттарды белгіледі. Қырғызстан мен Тәжікстан елдегі су энергетикасының жоғары үлесіне байланысты климаттың өзгеруінің салдарын азайту және бейімделу бағдарламаларына назар аударуды таңдады.

«Париж келісімін» ратификациялаған кезде Қазақстан 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылмен салыстырғанда 15-25 пайызға, Қырғызстан

11,5-13,8 пайызға, Тәжікстан 10-20 пайызға, Өзбекстан 2010 жылғы деңгейден 10 пайызға қысқарту жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдаған болатын. Ал Түрікменстан халықаралық ұйым қолдауымен парниктік газдар шығарындыларын тұрақтандыруға немесе 1990 жылғы деңгейден 15 пайызға азайтуға ниетті болып отыр. Өйткені, климаттың өзгеруінің шекарасы жоқ екенін, барлық елдердің экономикалық қызметі табиғи апаттармен және бүкіл әлемде оның ішінде Орталық Азияда болып жатқан табиғи процестермен байланысты екенін түсінудің маңызы зор. Бұл проблемалар мен онымен байланысты тәуекелдер халықаралық деңгейде ортақ ұстанымдар мен тәсілдерді әзірлеу үшін оған кіретін барлық елдердің күш-жігерін шоғырландыруды талап етті. Мәселен, Орталық Азия елдері арасында экономикасы жақсы дамыған Қазақстан парниктік газдар шығарындыларының ең көп көлемін өндіреді. Осыған сүйене отырып, қазіргі уақытта оларды төмендету бағытында елеулі қадамдар жасап отыр. Премьер-Министр Әлихан Смайылов Әлемдік көшбасшылар саммитінде (SOR27) сөйлеген сөзінде елдің климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі міндеттемесін растап, негізгі басымдықтары ретінде: жыл соңына дейін төмен көміртекті даму стратегиясын қабылдау; 2030 жылға қарай елдің жалпы өндірістегі «жасыл» энергиясының үлесін 3-тен 15%-ға дейін ұлғайту; 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларының кем дегенде 15%-ға төмендеуі; жаңартылатын энергия көздері мен «жасыл» технологияларды дамытудың өңірдің орталығы ретінде әрекет ету ниеті; 2025 жылға дейін 2 миллиардтан астам ағаш отырғызу қолға алынатынын атап өткен болатын.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

Отбасы ұғымының мәні тереңде. Себебі, отбасы – мемлекеттің алтын діңгегі. Отбасын шағын мемлекетке балау бекер емес. Ал, бойымыздағы әрбір құндылық отбасында қалыптасатынын ескерсек, әр адам жанұясындағы жауапкершілігін, қоғам алдындағы міндетін дұрыс түсіне білуі қажет.

Ертеде ата-бабаларымыз шаңырақтағы түтіннің түзу шығуын қадағалап, жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған. Өкінішке қарай, тәуелсіздік төрімізден орын алған мынау бейбіт заманда отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі қоғам дертіне айналып барады. Себебі, тәжірибемізде әке мен анаға, ата мен әжеге деген құрмет азайып, ата-анасының жағасына жармасып, әйелі мен баласына күш көрсетіп, тыныштығын алғандар жиі кездесуде. Мемлекет басшысы да биылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайтынын айтып, «Отбасында ойран салатындар заңаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекет үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет», – деген еді.

Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бұлдіру және олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер болып табылады. Мұндай оқиғаларға себеп ретінде бірі маскүнем жолдасын, енді бірі жұмыссыздығын, кейбірі тұрмыстық жағдайының ауырлығын алға тартып жатады. Осы орайда, отбасы-тұрмыстық

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА



қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттерге кінәлілер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабымен жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Мәселен, ағымдағы жылы өңір соттарында отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер санатымен 698 әкімшілік құқық бұзушылық іс түсіп, оның ішінде 687-і қаралып, 334 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Ал, әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар болған жағдайда, олар Қылмыстық кодекстің 110 (қинау), 131-(қорлау) баптары бойынша жауапкершілікке тартылады.

Соңғы уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зәбір көретіндердің қатарында кішкентай бұлдіршіндердің де бар екенін көз көріп, құлақ естіп жүр. Балаларға деген қатігездік кейде олардың өліміне, енді бірінің туған ата-анасынан бөзіп үйінен кетуіне, ал кейде із-түзсіз жоғалуына әкеліп жатады. Дүниеге келген әрбір сәби отбасындағы әке-шешесінен зорлық-зомбылық емес, мейірімнің үлгісін көріп, тәрбиемен сусындап өсуі маңызды.

Бүгінгі таңда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – отбасы-тұр-

тиіс. Бұл қаржы жоғары технологиялы өндіріс орындарын ашуға, мектептер мен ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдаланылу керек.

Осы күні қол қойылмақ үшінші жарлық «ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» болды. Өзінің бұл шешімін Президент саяси жаңғыру үдерісін жоспарлы түрде жалғастырып, мемлекеттік құрылыста «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын нақты ұстану қажеттігімен байланыстырды. Сайлау қорытындысы бойынша Сенаттың депутаттық корпусының бір бөлігі бәсекелестік және ашықтық қағидаттары негізінде жаңарды.

Бұл қызметке 18 жастан асқан, біліктілік талаптарына сәйкес арнайы және жоғары білімі бар, мемлекеттік қызметтің «Б» корпусына орналасуға ҚР заңнамалары мен мемлекеттік тілінен тестілеуден өткенін растайтын арнайы сертификаты бар, денсаулығы жарамды азаматтар қабылданады. Жалпы, мемлекеттік қызметке орналасу арнайы ережелермен бекітілген заңнамалық тәртіппен өтеді. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ресми сайтында мемлекеттік органдардың бос лауазым орындары үшін конкурс жарияланады. Конкурс жарияланған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде үміткер азаматтардан жоғарыда айтып өткен құжаттар тізімін қабылдайды. Құжат қабылдау аяқталған соң 3 жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия құжаттарды тексеруден өткізіп, әңгімелесу кезеңіне жібереді. Әңгімелесуге жіберілген үміткердің аты-жөні аталған мемлекеттік органның ресми сайтында хабарланады. Кадр бөлімі қызметкерлерге телефон арқылы да хабарлауы мүмкін. Сонымен, әңгімелесу кезені дәл айтылған күні мен уақытында басталады. Конкурс комиссиясы тиісті мемлекеттік органның және басқа да мемлекеттік органдардың арнайы мамандарынан жасақталған комиссия мүшелерінен тұрады. Әңгімелесу кезеңінде үміткерлерге тиісті мемлекеттік органның саласы бойынша конкурс комиссиясымен бекітілген арнайы сұрақтар қойылады. Үміткерлер қойылған сұрақтарға мүдірмей толық жауап бергеніне байланысты бағаланады. Әңгімелесу кезеңінде дыбыс-бейне жазу құрылғыларына үміткерлердің жауабы жазылып отырады. Конкурс комиссиясының шешімі қабылданғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның интернет-ресурсында конкурс комиссиясының шешімі орналастырылады.

Конкурс комиссиясының хатшысы әңгімелесуден тиісті деңгейде өткен кандидаттарға конкурс нәтижесі туралы, конкурс комиссиясы шешім шығарған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде хабарлайды.

А.ИКЛАСОВА,
Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің әкімшілік-құқықтық бөлімінің бас маманы

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ТҮЙТКІЛ

үшін қажетті материалдық, рухани және басқа құндылықтарды құруға бағытталған адамның қызметі.

Қызметкерді еңбек ету мүмкіндігінен заңсыз айыру оның еңбек бостандығына конституциялық субъективті құқықтарын бұзу болып табылады.

Бұзылған еңбек дауларын қалпына келтіру мақсатында Қорғалжын аудандық соты Ақмола облысы Қорғалжын ауданының әкіміне азаматша И. заңсыз жұмыстан босатылған барлық уақыты үшін жалақы өндіріп, бұрынғы лауазымына орналастыру және алдын ала хабарламаны заңсыз деп тану туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі қарады.

Азаматша И. талабында 2022 жыл-

тындығы туралы және бір ай мерзім ішінде күшін жоюды орындау туралы нұсқама берілгендігі айтылады.

Талаптың сот отырысында қаралуы кезінде әкімнің өкілі бұл талапты мойындамай бас тартуды өтінген. Алайда, сот Қорғалжын ауданының әкімі еңбек заңнамасын, Мемлекеттік қызмет туралы заңның талаптарын бұзғандығы жөнінде азаматша И. заңмен белгіленген құқықтарының өрескел түрде бұзылғандығының дәлелін тапқан.

Сонымен қатар, сот әкімдік тарапынан алдын ала хабарлама қолдан жасалғандығын анықтады, бұл факт сот-қолжазба сараптамасының қорытындысымен расталды.

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Конституцияда өркімнің еңбек бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға, қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына, қандай да бір кемсітүсіз еңбегі үшін сыйақы алуға құқығы бар екендігі көрсетілген.

Еңбек – адам мен қоғамның өмірі мен қажеттіліктерін қанағаттандыру

дың 4 сәуірінде Қорғалжын ауданы әкімінің өкімі негізінде, әкім аппаратының құжаттамалық камтамасыз ету бөлімінің басшысы лауазымынан штаттың қысқартылуы негізінде қызметінен босатылғандығын, бұл әкімнің шығарған өкімімен келіспей Уәкілетті органға шағымданғандығын жазады. Тергеру нәтижесінде Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департамент әкімнің еңбек заңнамасын өрескел бұзғандығын анықтағандықтан, шығарылған өкімді заңсыз деп тануға жата-

Талап қоюшының талабын Қорғалжын аудандық соты 2022 жылғы 11 қазандағы өз шешімімен қанағаттандырып, бұрынғы лауазымын қалпына келтіріп, заңсыз жұмыстан босатылған кезеңі үшін жалақы өндірді.

Осылайша талапкер азаматша И.-дың бұзылған еңбек құқықтары сотпен толықтай қалпына келтірілді. Шешім заңды күшіне енген.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЕҢБЕК ДАУЫ

Талап қоюшы С. жауапкер «Арал индустриалды-техникалық колледжі» КМҚК-на жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын тоқтату туралы бұйрығының күшін жойып, бұрынғы жұмыс орнына қайта орналастыруды сұраған. Одан бөлек, лажсыз бос жүрген күндеріне орташа айлық жалақы өндіру және зерделеу комиссиясының хаттамалық шешімін заңға қайшы деп танып, заңды күшін жою туралы талап қоюы бірінші саты сотының шешімімен қанағаттандырудан бас тартылған.

ШАҒЫМ ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛДЫ

Талап қоюшының апелляциялық шағымы негізінде істі Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы қарады.

Талап қоюшы өз талабында колледжге 2003 жылы жұмысқа қабылданып, осы уақытқа дейін «Балық өнімдерін өңдеу» тобына өндірістік оқу шебері болып қызмет атқарғанын, 2021 жылдан бастап жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша колледждегі оқушылар санына орай колледжге мемлекеттік тапсырыс арқылы бөлінген қаржымен төлем жүргізілгенін, жыл соңына қарай жалақы қорына қаржының жетіспеушілігінің алдын алу мақсатында педагог қызметкерлерінің диплом бойынша алған мамандықтарының атқаратын лауазымына сәйкес емес қызметкерлерді жұмыстан шығарғанын көрсетіп, өзінің «Консервілер және тағам концентраттары технологиясы» мамандығының «Балық өнімдерін өңдеуге» қатысы бар екенін алға тартып, заңсыз жұмыстан шығарылғандығын айтқан.

Сот алқасы істі қарау барысында талап қоюшының «Балық өнімдерін өңдеу» тобының өндірістік оқу шебері қызметін 19 жыл атқарғанын, «Консервілер және тағам концентраттары технологиясы» мамандығы бойынша жоғары білімі барын, балық өнімдерін өңдеу курстарынан өткенін, облыстық білім басқармасының аттестаттау комиссиясының 2017 жылғы шешімімен өндірістік оқу шеберінің бірінші біліктілік санатын алғанын, берілген кәсіптік қызметке

қойылатын талаптарға сәйкес екенін, «Алтын алқа» иегері, үш баласының денсаулықтарына байланысты «Д» есепте тұратынын анықтады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 бұйрығының 17-параграфындағы 306-тармағына сай техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің өндірістік оқыту шеберінің біліктілігіне қойылатын талаптарына сәйкес тиісті бейін бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды және біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебердің мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

Осы негізде апелляциялық саты соты талап қоюшы тарапының апелляциялық шағымды қолдаған, жауапкер тарапының сот шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған түсініктемелерін тыңдап, істегі дәлелдемелерді зерттеп, апелляциялық шағымның уәждерін талқылап, заң нормаларын дұрыс қолданбағандықтан бірінші саты сотының шешімінің күшін жойып, апелляциялық шағымды толық қанағаттандырды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ – ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ ӨЛШЕМІ

Елімізде соңғы жылдары батыстық үлгідегі гендерлік саясат өріс алып, әйел құқығының қоғамдағы рөлі айқындала бастады. Қазір ғылым, білім, техника дамыған, сауаттылық заман. Осының нәтижесінде билік тізгінін ұстаған әйел қауымының саны артуда, ол жағдайды кім болмаса да мойындайды. Қазіргі таңда бюджеттерді және әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламасын дайындау үрдістерінде гендерлік көзқарасты енгізу қолға алынып жатыр.

Гендер мәселесіне жан-жақты қарау керек. Көпшілік қауым гендерлік саясатты әйел зағын ер азаматқа айналдыру деп түсінеді. Гендерлік саясат дегеніміз – әйелдерді ер адамдармен тең дәрежеде билікке тарту, адам құқығының теңдігіне көз жеткізу, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылық сияқты мәселелерді шешу.

Біздің елдің гендерлік теңдік мәселесіндегі әрекетін 1994 жылы Президент жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссияның құрылған кезінен

бастап көрсетуге болады. 1995 жылы қазақ елінде Қазақстан әйелдерінің бірінші форумы өтті. 1998 жылы Қазақстан әйелдерінің екінші форумы өтті. Қазақстан БҰҰ-ның әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық түрін жою туралы конвенциясына қосылды. БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқығы туралы» және «Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы» конвенцияларын ратификациялады. 2005 жылы бекітілген «ҚР 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» гендерлік саясатты жүргізу-

дің жөн-жобасын көрсеткен маңызды құжатқа айналды. Осы құжатта шешім қабылдау деңгейіндегі әйелдердің үлесін 30 пайызға жеткізу көзделген.

Қазіргі уақытта қазақ елі гендерлік саясат теңдігі бойынша 134 мемлекеттің арасында 41-орында тұр. Бұл ТМД көлемінде алғашқылардың санатындамыз дегенді білдіреді. Бүгінгі таңда әйел қауымы билік басында ер азаматтармен қатар жұмыс істеп жүргенін көрсетеді.

Ә.ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

СЕРВИС ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Сот ісін жүргізу процесінде ақпараттық технологиялар енгізу туралы міндеттерді орындау мақсатында ҚР Жоғарғы Соты «Сот кабинеті» электронды форматын әзірлеп, көптеген жұмыстар атқарылып келе жатқаны баршамызға ортақ.

Жалпылай айтқанда, бұл Қазақстан соттарының электрондық нысандағы қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі. Сервис азаматтық және қылмыстық істер бойынша электрондық арыздарды, өтініштер мен шағымдарды беруге арналған. Осы шарттың талаптарын қабылдаған, сот кеңсесінде тіркелген және сот істері мен материалдары бойынша сұрау салу, жіберу және ақпарат алу үшін кез келген жеке немесе заңды тұлға «Сот кабинетінің» пайдаланушысы бола алады.

Қазақстанның сот жүйесі сот ісін жүргізудің тиімділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде атқарған маңызды қадамдарының бірі осы «Сот кабинеті» электронды жобасын енгізу болды деп айтуға болады. Бұл жүйенің көмегімен барлық азамат, оның өкілі немесе адвокат интернет арқылы үйінен немесе кеңсесінен шықпай-ақ, өзіне ыңғайлы кез келген уақытта әділет органдарына жүгіне алады. Осы сервис арқылы сіз сотқа апелляциялық шағым, жеке шағым, сот актісін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы өтініш, сот актісін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтініш, сот актісін қайта қарау туралы өтініш. сот актісі, орындалмаған шешімнің күшін жою, сот бұйрығының күшін жою туралы арыз және т.б. бере аласыз.

ҚР Жоғарғы Сотының интернет-ресурсының «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисін пайдалана отырып, сотқа электрондық құжаттарды беру тәртібі Қазақстан заңнамасына сәйкес әзірленеді. Осылайша, «Сот кабинетінің» қызметтерін пайдалану үшін электронды цифрлық қолтаңбаны (ҰКО ЭЦҚ) алу және «Сот кабинетінде» тіркеу рәсімінен өту қажет.«Сот кабинеті» қызметіне кіру ЖСН немесе БСН, сонымен қатар пароль арқылы жүзеге асырылады. Ал бұл сервистің қызметтерін пайдалану

шарттары өте қарапайым. Сот процесіне қатысушыға ҚР Ұлттық куәландыру орталығынан электрондық цифрлық қолтаңба алып, «Сот кабинетінде» стандартты тіркеу рәсімінен өту жеткілікті. Тіркелу сәтті өткеннен кейін тұлға «Сот кабинетінің» негізгі бетіне оралу арқылы жүйеге кіріп, қажетті қызметті таңдай алады. Жаңа сервис процеске қатысушылардың іс материалдарымен танысу бойынша процессуалдық құқықтарын жүзеге асыруын айтарлықтай жеңілдету, сот құжаттарын зерделеуге кететін уақыт пен шығынды қысқарту мақсатында әзірленгенін айта кеткен жөн. Электрондық сервис аясында қатысушыларға сот құжаттарына онлайн режимде қол жеткізу, істің барысын толық бақылау мүмкіндігі қарастырылған, бұл сот процесінің ашықтығының артқанын көрсетеді. Бұл ретте пайдаланушыларға сот актісін басып шығаруға, сондай-ақ, істің тарихымен танысуға мүмкіндік беріледі. Сервисте электронды сот құжаттарын көруге, сақтауға және жүктеп алуға болады, бұл өз кезегінде өте ыңғайлы. Электрондық сот төрелігін одан әрі дамыту шеңберінде Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті пайдаланушылар үшін электрондық сот құжаттарының, оның ішінде сот актілерінің заңдылығын тексеру сервисін іске қосқан еді, ол QR код арқылы құжаттардың сенімді болатынына көз жеткізу. Бұл өз кезегінде бізді қуантпай қоймайды. Ақпараттық сервис азаматтар мен ұйымдардың әділет органдарымен электрондық өзара іс-қимылын оңтайландырады және жетілдіреді. Бюрократиялық кедергілерді азайтумен қатар, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысы барынша азайтылды, бұл сыбайлас жемқорлыққа бейімділіктің төмендеуіне ықпал етеді, азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдейді. Қазіргі онлайн заманда бұндай сервистер адамдардың өмірін едәуір жеңілдетеді.

Қарлығаш СЕРІКБЕК,
Түркістан қалалық
мамандандырылған тегреу
сотының жетекші маманы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Қазіргі уақытта қоғам тез өзгереді және бұл өзгерістер адамдардың салауатты өмір салтында айқын із қалдырады, оны өздеріне бейімдейді. Қоғамның өміріне теріс әсер ететін факторлармен қатар, елдің жарқын болашағы үшін маңызды проблемаға айналған жаңалары пайда болады. Бұл факторларға ең сезімтал санат – жас ұрпақ. Осы ретте «Салауатты өмір салты» атты жоба өмірге келді. Ол елдің жарқын болашағы үшін өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында құрылған. Салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтарымыздан мықты ұрпақ қалыптасады, мықты ұрпақ мықты елді құрады. Еліміздің ертеңі – жастар.

САНАЛЫ ҰРПАҚ САПАЛЫ ЕЛДІ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



Қазіргі таңда бұл жобадан біздің әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті де қалыс қалып отырған жоқ. Оқу орнында көптеген іс-шаралар, спорттық үйірмелер ұйымдастырылуда. Университетте елдің атын шетелге танытып жүрген спортшылар жетерлік.

Жалпы салауатты өмір салты адам өмірінің көптеген факторларына негізделген: отбасы, білім, жұмыс, демалыс. Демек, жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, атап айтқанда, салауатты өмір салтын ұстануға мотивацияны қалыптастыруды; жаман әдеттерді жоюды; қозғалыс белсенділігі мен дұрыс тамақтануды ұйымдастырудың барлық нысандарының сауықтыру бағытын қамтамасыз етуді және т. б. қамтиды. Жеке тұлғаның әлеуетін ашуға ықпал ететін өмір болашақта жасөспірімнің тағдырына байланысты.

Денсаулық жағдайының көрсеткіштерінің төмендеуіне байланысты қазіргі кезде адамдар салауатты өмір салтын ұстану, денсаулық деңгейін арттыруда жеке белсенділік туралы хабардар болу қажет. Бірақ бірнеше ұрпақ қалыптастырған стереотиптер мен әдеттер бұған сәйкес келмейді.

Көптеген адамдар, өкінішке қарай, күнделікті өмірде салауатты өмір салтын ұстанбайды.

Әрбір елде оның әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-этникалық ерекшеліктерін ескере отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру, сондай-ақ, оның қызметін бақылау жүйесінің инфрақұрылымы әзірленеді және құрылады. Жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында қоғамның айқын және жасырын іс-шараларының қазіргі заманғы жүйесі үш деңгейде дамиды және іске асырылады:

– әлеуметтік-бұқаралық ақпарат құралдарымен салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерімен, жасөспірімдер-жастар клубтарымен, қоғамдық бірлестіктермен және т. б. білім беру және ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу;

– инфрақұрылымдық – тыныс-тіршіліктің негізгі салаларында салауатты өмір салтын жүргізу үшін жағдайлар жасау (бос уақыттың, материалдық құралдардың болуы), дене шынықтыру-спорт ұйымдары мен демалыс мекемелерінің, профилактикалық ұйымдардың (медициналық

профилактика, қалпына келтіру медицинасы және оңалту орталықтары) желісін дамыту, экологиялық бақылау жүргізу; білім беру, Медициналық және басқа да мекемелерді, ұйымдарды қажетті жабылқыпен және т. б.;

– жеке – жас жігіттің құндылық бағдарларының жүйесін қалыптастыру, оның өмірінің тұрмыстық жағдайын стандарттау. Жас адам

үшін денсаулық маңызды. Жастардың ерекше әлеуметтік мәртебесі, оқу және еңбек қызметінің, тұрмысы мен өмір салтының ерекше жағдайлары оларды халықтың барлық санаттарынан ерекшелендіреді және бұл топты әлеуметтік тұрғыдан өте осал етеді, жастар қоғамдық өмірдің жағымсыз факторларына жиі ұшырайды. Сондықтан жастардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған күш-жігер ұзақ мерзімді табысқа жете алмайды және жастардың денсаулығын басқарудың оңтайлы жолдарын үздіксіз іздеуді қажет етеді. Осыған байланысты әлеуметтік, техногендік, экологиялық, психологиялық, саяси, әскери және жас ерекшеліктеріне байланысты жастардың салауатты өмір салты мәселелері өзекті болып отыр.

Э.ҚАЛЫМБЕТОВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дің Философия және
саясаттану факультеті, жалпы
және қолданбалы психология
кафедрасының доценті;
А.КАИПОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университетінің 1 курс
магистранты

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «СПК Есик селекция» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 211040016775) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ақши ауылы, Қанапия Құсайын көшесі, 4 үй, тел.: +77771771209.

3. «Нұр-Серік–77» ЖШС, БСН 210340013005, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Балтақол а/о, Ақкол ауылы, Құрманәлі Азаматов көшесі, 46 үй, тел.: +7 (776) 264-06-06.

4. «SN БАЙТЕРЕК – 2030» ЖШС, БСН 190740017742, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Абай көшесі, 10 үй, 43 пәтер. Тел.: +77079836970.

5. «Dimash-E» ЖШС, БСН 220640011051, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Ш.Ділдібеков а/о, Кемер ауылы, Бағбан көшесі, 2 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Шардара қаласы, 1 шағынаудан, Сапарбаев көшесі, 19/1. Тел.: 87078087097.

6. «АГРОТРЭЙД ЭНД ПРОДАКС» ЖШС-нің жалғыз қатысушысы, БСН 010340008007 (Алматы қаласы, Абай даңғылы, 52 үй, 202-кеңсе), «АГРОТРЭЙД ЭНД ПРОДАКС» ЖШС-н тарату туралы шешім қабылдады. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 52 үй, 202 пәтер (кеңсе). Тел.: 87075779708.

7. «Өрлеу-Іскер» мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігі, БСН 180140019049, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Самал-3» шағынауданы, 2894 үй, индекс 160024. Тел.: 87471082130.

8. «Aktas Operating Company» ЖШС ұйымы филиалы, БСН 060841021156, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Қарашоқы көшесі, 4, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 19-20-22. Тел.: 87017298442.

9. «Mercurий Retail» ЖШС-нің Қарағанды филиалы (БСН 180641035511) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Оңтүстік өндірістік аймағы, құрылыс 17А.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. Әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢҒЕ
ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢҒЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢҒЕ
ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢҒЕ

✉ zanreklama@mail.ru

Тергеуші, полиция майоры Тұрар Сүлейменовтің бұл ауданға келгеніне көп болған жоқ. Аудан шағын болғанымен, қылмыс жағынан облыс бойынша көш бастап тұр. Тергеу басқармасының басшысы Рашид Аймағанбетов, полиция полковнигі Сәрсен Рыспаев осыдан үш ай бұрын болған қылмыстық оқиғаның құжаттарымен таныстырды. Орман ішінен жартылай көмілген әйел адамның мүрдесі табылған. Марқұмды зорлаған, сосын мойнына арқан байлап сүйреп, әбден қинаған, кейін бауыздап өлтірген. Мұрын, жақ сүйектері, бірнеше қабырғасы сынған. Жасы елуге таяған әйелдің есімі – Тоғжан.

Сараптама қорытындысында сол күні марқұмның ішімдік ішкені анықталған. «Шамасы бөтелкелес достарымен сөзге келіп, ажалдың құрығына ілінген шығар» деп әріптестері бұл істі екі айдан соң жауып тастайды. Тұрар бұл істің астарында шікіліктің барын сезді. Сондықтан әріптестері «жылы жапқан» осы істі қайта қолға алуды ұйғарды. Марқұмның бақилыққа аттанар алдында жанында кімдер болды? Оны орманға алып барған кім? Бұл бір адамның ісі болуы мүмкін емес.

Түс қайта ол мүрде табылған жерге барды. Күн көзі жарқырап тұрғанымен, күздің суығы білінеді. Сары жылекке орана бастаған орман ішінде ірі қаралар жайылып жүр. Марқұмды көмген жерге келіп, төңіректі барлай бастады. Сол маңдағы шөп-шаламның арасынан үш түрлі түйме тапты. Бірі қоңыр түсті, сірә,



ҚАНАҒА МАЛЫШПАҢ НЕМЕ ЖҮЗІНІ

марқұмның киімінен түскен болуы мүмкін, ал екеуі өзгеше. Тұрар орман ішін аралап жүріп, тал бұтағына ілінген арқанды көзі шалды. Қан жұғыпты. «Бұл марқұмның қаны шығар» деді Тұрар іштей. Қолына түскен «олжаларға» жасаған сараптама қорытындысы да мұның күдігін бекіте түсті. Арқанға жұққан қан марқұмның қанымен сәйкес екен. Сондай-ақ арқанға тер сіңген. Бұл үш адамның ісі екенін дәлелдейді. Ал түйменің қоңыры әйелдің қардиган жемпірінен үзіліп түсіпті...

Тұрар кейде өзінің сабырсыздығын жек көреді. Бастаған істің түбіне жеткенше жанын жегідей жеп, мазасы қашады. «Осы мамандықты неге тандадым екен?», деп кейде өкінетіні де бар. Бірақ істі толық ашып, дтіткен жеріне жеткен соң көңілі көтеріледі. Бүгін де сол мазасыздықтан қалжырап ерте жатып қалды. Таң атқанын хабарлап, безілдеген сағатын басып, ұйқысын қимай, жылы төсекте маужырап жатқан-ды. Кенет телефоны безілдеп, көмекшісі тағы да бір әйелдің мүрдесі табылғанын хабарлаған кезде жастықтан басын қалай жұшып алғанын білмей қалды.

«Ауданға қіреберістігі тоғай ішінен жартылай көмілген келіншектің мүрдесі табылды. Оқиға өткендегі жағдайға ұқсайды. Тіпті айна-қатесіз. Келіншек зорланған...». Ары қарай тыңдауға жүрегі дауаламай, тұтқаны қоя салды. Басы солқылдап, жүрегі аузына тығылды. «Айттым ғой бұл қылмыстық топ» деді күбірлей. Телефоны тағы безуе қакты.

– Сіз оқиға орнына келесіз бе?
– Міне, үйден шыққалы жатырмын.
Бұл оқиға орнына келгенде жедел жәрдем қызметкерлері мен полицейлер жүр екен. Мүрденің бетін жауып тастапты. Шүберекті ысырып марқұмның жүзіне көз салды. Жап-жас келіншек. Өмірді қимағаны, аласұрғаны көрініп тұр. Көзі ашық қалыпты...

Тұрар кабинетіне келген соң ұзақ ойланды. «Оқиға бірінші қылмыстық оқиғаның «көшірмесі». Демек, бұл қылмыстық топтың әрекеті». Қолында бір бума қағазы бар көмекшісі келді.

– Марқұмның жасы 30-да, отбасылы екен. Жолдасы полиция қызметкері. Үйінде ұрыс-керіс болатын көрінеді. Төрт баласы бар. Кішісі – төрт айлық.

– Ол кезде марқұмның жолдасы үйінде болған ба?

– Жоқ, жолдасы жұмыста болыпты. Оқиға кеше кешкілік үй жанындағы дүкен алдында болыпты. Келіншек кіші баласына памперс алып келу үшін дүкенге барған көрінеді. Қайтар жолында белгісіз машинеден үш жігіт шығып, келіншекті көтеріп көлікке салып алған.

– Оқиғаны көрген куәгерлер бар ма?
– Куәгер – зейнеткер апай. «Қанша айқайласам да, жүздерін бүркеп алған үш жігіт қыздың шыңғырып айқайлағанына қарамай алып кетті» дейді.
– Көлік маркасын біле ме?
– Білмейді. Үлкен кісінің көзі нашар көреді екен.

Тұрар көмекшісі әкеліп берген құжаттарды қарауға кірісті. Осыдан үш ай бұрын бақилық болған Тоғжан мен бүгін марқұм болған Жазираның суреттерін қарады. Екеуінің өлімі ұқсас. «Жазираның ісіне күйеуінің қатысы болуы мүмкін бе? Егер оның күйеуі қолын қанмен былғады десек, бірінші әйелдің өліміне де қатысы бар». Ол іштей осындай түйін шығарды.

Кәсіби шеберлігі бойынша төңіректі мұқият барлап жүретін Тұрар оқиға болған жердегі дүкен алдына келді. Дүкен иесімен сөйлесіп,

бейнекамераны алуға рұқсат сұраған-ды, алай-да бір айдан бері бейнекамера жұмыс жасамай тұр екен. Дүкеншіге аз-кем сауал қойды.
– Сол күні ештеңе байқаған жоқсыз ба?
– Оқиға болатын күні дүкенге ревизия жасаймыз деп дайындалып жатқанбыз. Бір әже келіп, мән-жайды айтты, лезде жүгіріп тысқа шыққанбыз, бірақ таппай қалдық. Полиция шақырдық.
– Сол күні дүкенге бөгде адамдар келді ме?

– Дүкен болған соң адам көп келеді ғой, олардың қайбірі есте қалды дейсіз.
– Бұл көшеде қауіптенетін адамдар бар ма?
– Өзім осы көшеде тұрамын. Бұған дейін мұндай ауыр жағдай болған емес. Ауданда қылмыс жиі болғанымен, біздің көше тыныш. Қайдам енді?

– Марқұмның жолдасын танысыз ба?
– Аса қатты аралас-құраластығым жоқ. Полішey екенін білемін.
– Мұны жолдасы жасауы мүмкін бе?
Дүкенші селк етті. «Астағфируллах» деді күбірлеп.

– Қанша жерден катігез адам болса да, отбасына қастандық жасай қоймас. Мен жолдасы жасады деген сөзінізбен келіспеймін. Олай болуы мүмкін емес.

– Естуімше, екеуі жиі жанжалдасатын көрінеді.

– Ұрысатын болар, жас отбасы ғой. Бірақ марқұмның дүкенге көзі көгеріп келгенін көрген емеспін. Қашан келсе де, көңілді жүретін.

Тұрар шардымды мәлімет ала алмаған соң, дүкеншімен қоштасып есікке беттеді.

– Токтанызышы, – деді дүкенші жөткірініп.
– Тындап тұрмын.
– Менің ойымша, мұны күйеуіне дұшпан адам жасаған сияқты.

– Күйеуінің дұшпаны дейсіз бе? Сонда ол кім болуы мүмкін?

– Мен нақты ештеңе білмеймін. Бірақ күйеуі полиция қызметкері ғой, бәлкім біреуді жазалап, сол үшін кегін алды ма деген ойым.

– Ойыңызға рақмет.

Тұрар марқұмның көршілерімен де тілдесті. Бәрінің жауабы бір-біріне ұқсас. «Жаксы адам еді, жолдасы полиция қызметкері, өзі ешқашан ішімдік ішкен емес»... Бірақ ешқай-сысы оқиғаны көрмеген.

Тергеу басқармасының шешімімен марқұмның жолдасы Шымбергегеннен жауап алды. Басты күдікті жолдасы саналды. Марқұмның сіңлісінің айтуынша, Жазира екеуі ажырасуға бел байлаған екен.

Шымбергегеннің енесі түсіп, көзі бұлаудай ісіп кетіпті. Сірә, жылаған болуы керек.

– Келіншегіңізді неге өлтірдіңіз?
Шымберген мұның жүзіне тіке қарап:
– Кешіріңіз, мен ақымаққа, болмаса айуанға ұқсаймын ба?, – деді.
– Басты күдікті – сізсіз...
– Анасыз төрт баланы өсіру маған оңай емес.

Шымберген көзіне іркілген жасты көрсеткісі келмей, лезде сүртуге тырысты.

– Сіз жасамады делік, сонда бұл кімнің әрекеті болуы мүмкін?

– Күдіктенетіндей дұшпанымыз жоқ. Біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп келеміз.

– Үйіңізде жиі жанжал болатын көрінеді. Ажырасқалы жүр екенсіздер...

– Жолдасым Жазира мен анам жиі ұрыса-ды. Анамның жасы жетпісте, денсаулығы да маз емес. Үлкен кісіні сыйлай алмасаң, мен сені қатын қыла алмаймын, ажырасайық де-

генмін. Бірақ бұл қорқытқаным еді, ажырасуға балаларымды қимаймын.

– Қол көтереді екенсіз?

– Тергеуші мырза, сараптама қорытындысын жасап қараныз, мен ешқашан Жазираға қол жұмсаған емеспін. Анасын ұрып, балаларымның жүзіне қалай қараймын. Иә, үйде жиі дау болатын. Полиция қызметкері болған соң, түнгі кезекшілікке жиі барамын. Соны себеп қылған Жазира «көңілдесің бар» деп жиі ұрыс шығаратын.

– Бәлкім, күдігі рас шығар. Әйелдер сезді...

– Жоқ! Мен Жазираға опасыздық жасаған жоқпын! Ойткені жақсы көрдім.

Тұрар Шымбергегеннің жанарынан оның қылмысқа қатысы жоқтығын сезгендей. Бірақ шешім шығаруға әлі ерте...

Тергеуші марқұмға жасалған сараптама қорытындысын қарап шықты. Қылмыскерлер келіншектің оң қолындағы неке жүзігін саусағымен бірге кесіп алыпты. Пышақ қылмыскердің де қолын кесіп кеткен сияқты. Мүрдеден бөлек жатқан саусаққа сараптама жасалған кезде қылмыскердің қаны бірінші топтан екені белгілі болды. Ал Шымбергегеннің қаны екінші топ екен. ДНҚ сараптамасы бойынша әйелді зорлаған белгісіз үш адам екені анықталды. Қылмыс болған жерден марқұмды қазылған жерге дейін сүйреп келген арқанға қан мен үш адамның алақанының тері жұққаны расталды. Бұл – кәнігі қылмыстық топтың әрекеті. Тоғжан мен Жазираны өлтірген үш адам.

Жедел іздестіру тобы әрекетке көшті. Бірақ әккі қылмыскерлердің ізін кесу оңай емесі анық. Бас тергеуші ретінде Тұрар Сүлейменов қылмысқа қатысты Шымбергегеннің кінәсіз екенін дәлелдеді. Қылмысты аяғына дейін шешуді қолға алды. Дегенмен, басты күдікті ретінде Шымберген бақылауда болады.

...Күн артынан күн, апта артынан апта өтіп, уақыт сырғи түсті. Тұрар Сүлейменов отбасынан жырақта жүрген соң көбіне кешкі тамақты жұмысына тағу жердегі дәмханалардан іше салады. Дәмхана тамағы үйі тамағындай болмасы анық. Бірақ мұның тамақ пісіруге ебі жоқ, әрі күн сайын дүкеннің түшпарасын жегеннен де жалықты. Бүгін «Әсем» дәмханасына кірген. Ішінде адам қарасы көп емес екен. Тамаққа тапсырыс берген соң, оң жақ қапталдағы терезеге үңілді. Ертен тағы жаңбыр жауатын сияқты. Көк жүзіне қара бұлт үйіріліп, түнеріп тұр. Кенет өзінен екі үстел төменірек отырған үш жігіттің даурыққан дауысы еріксіз басын бұрғызды. Үшеуі де біраз қызыңқырап алған. Дәмхананы бастарына көтерді.

– Өзің аласы болғанда тыныына дейін есептеп шығасың, – деді ұзынтұра арық жігіт.
– «Есепті дос айырылмас деген» – деп қарқылдай күлді безуе беттісі.

Ішкен соң, сөз таластырып отырғандар шығар, соңы төбелеске айналмаса болды, – деп жанарын тағы терезеге бұрған-ды. Ұзынтұранның дүрс еткізіп үстел ұрғаны дәмханадағыларды селк еткізді.

– Өткенде ломбардқа тапсырған неке жүзіктің ақшасын да дұрыс бөлмедің, – деді кіжініп.

«Неке жүзігі» деген сөз Тұрарды елең еткізді. Оларды дереу жасырын фотоға түсіріп үлгерді. Содан соң ұялы телефонының камерасын іске қосты. Үстелде отырған жуан қара жан-жағына қарап, сыбырлай сөйледі: «Екеуіңе не болған? Тынышталыңдар!» деді.

«Ішкен адам тоқтаусыз үретін ит сияқты» дейтін марқұм әжесі. Әлгі екеуінің тәжікелесі өршелене түсті. Безуе беті жігіт: «Обручал-қаны орталық базардағы «Мерей» ломбарды-на тапсырдым. Қағазын өздерің көрдіңдер. Сақина беті гаухар таспен көмкерілгендіктен, алтын грамы аз шықты. Бәрін айттым емес пе?». «Бұл сөзіңе сенбеймін!» деді ұзынтұра одан бетер күйлегендікпен. «Ендеше келесі жолғы алтынды ломбардқа өзің тапсырасың» деді сергі ашуланып.

Тұрар тамағының суып қалғанына қарамастан, үшеудің әңгімесін тыңдай түсті. «Келесі құрбандықтың неке жүзігі болмауы мүмкін» деді жуан қара сыбырлай. «Бізге қыз керек, қыз! Шіркін, құлындай шырқыраған жас қыздың дауысын естімегелі көп болды өзі». «Мен тапқан сияқтымын» деді ұзынтұра кенкілдей күліп. «О, кім?» десті екеуі. «Осы дәмханадағы анау даяшы қызға көптен көзім түсіп жүр», – деді ұзынтұра иегімен жас қызды нұсқай. «Қыз екенін қайдан білесің?» – деді жуан қара кендіңде. Даяшы жаққа мойнын бұрған безуе бетті: «Мынауың шілі жап-жас бала ғой. Обал-ды. Оқушы сияқты» деді.

«Алтын балық қармаққа ілікті». Қуанғаны, қобалжғанын белгісіз Тұрар екі қолын жысылай берді. Сыртқа шығып, полиция шақырмаққа бел буды. Ұялы телефонын алып, терезеге көзі түсіп кетті. Кішкентай даяшы қыз қаннен-қалперсіз әлгі үшеудің жанында тұр екен. Шамасы есептесіп тұр ма әлде әлгілер

– Ендеше, кеше дәмханада ақша үшін неге дау шығардың?

– Біз ломбард деп әңгіме айтқан жоқпыз, қателесіп отырсыз.

Тергеуші ұялы телефонын алып, түсірген видеосын көрсетті.

– Сіз маған пәле жаппаңыз! Бұл жерде мен емеспін. Адвокатым келмей, сізбен сөйлеспеймін, – деді ашуға булығып.

Күдікті жуан қара Тұрлыбек кабинетке келгенде тергеуші оның костюмінің түймелері әртүрлі екенін байқады. Екі түймесі екі түрлі әрі қызыл жіппен тігілген.

– Костюміңіздің түймелері неге әртүрлі?

– Түсіп қалған.

– Тоғайда қалды ма?

– Иә, тоғайда түсіп қалыпты... Жо-жоқ, қандай тоғайды айтып тұрсыз?

– Тоғжанмен бірге тоғайға барған кезді айтамын.

– Мен ондай адамды танымаймын.

– Түймені неге қызыл жіппен тіккенсіз?

– Үйден басқа жіп таппадым.

– Костюмдікі маған шешіп беріңіз.

– Шешпеймін! Суық, тоңамын.

– Сараптамалық орталыққа жібереміз.

Хаттама толтыруым керек.

– Мен ешкімді өлтірген жоқпын.

Тұрар сараптамалық орталыққа хаттама толтырып отырып, күдіктінің қиналып отырғанын байқады.

– Мен сізді өлтірді демедім.

– Мен тоғайға бардым...
– Иә, қашан және кіммен бардыңыз?
– Жалғыз бардым. Отындыққа ағаш шаптым.

– Ағаш не үшін керек болды? Сіздер үйде от жағасыздар ма?
– Жоқ, от жақпаймыз, ауданда газ ғой...
– Ендеше, неге отынға бардыңыз?
– Жәй, тынығу үшін бардым деп айтқым келген...

Үшеуді қамау изоляторына жіберді. Арада екі апта өткен соң Тұрар облыстағы сарапта-малық орталыққа келді. Бас маман кеңесшісі Шолпанмен сөйлесті.

– Тергеуші мырза, сіздің күмәндануыңыз орынды. Күдіктінің сақинасының ішкі бетіне қан ұйып, қатып қалған. Бұл марқұм Жазира-ның қан тобымен сәйкес келеді. Ал Жазира мен Тоғжанды сүйреп қинаған екі арқаннан осы үш күдіктінің тер дағы анықталды. Сонымен бірге арқанға тер сіңген. Ал ДНҚ сараптамасы бойынша екі әйелді зорлаған осы үш күдікті екені көрінеді. Сонымен бірге түй-мелері әртүрлі костюм иесінің осы оқиғаларға қатысты екені анықталды. Костюмге марқұм екі әйелдің қаны жұғыпты.

Күдіктілердің ісін Бас прокуратураға жолдамас бұрын тергеуші үш күдіктіні қатар отырғызып, мына ортақ сауалды қойды.

– Жазираның төрт айлық баласы қал үстінде жатыр. Байұс бала аса сүтінен басқа қосымша тағам ішпейді екен. Баланың не кінесі бар еді?

Бала туралы сөз қозғағанда Серіктің екі көзі жасқа толды. «Жазираны мен өлтірдім, бауыздаған да мен, бірақ баласы барын біл-медім. Содан бері кішкентай баланың шыңғы-рып жылаған даусы құлағымнан кетер емес. Ұйықтап алмай жүрмін» деді, еніреп тұрып. Содан соң: «Әйелді өлтірген өзгеше болады. Олардың шыңғырғаны лак сияқты. Алдымен арақ ішкізіп, зорлап, қызығын көреміз, со-сын ізімізді суытамыз деп үгіттеген – мына екеуі» деді. Самат пен Тұрлыбек бастарын салбыратқан күйі жақ ашпады. Күдікті де та-нылғандар дереу уақытша ұстау изоляторынан шығарылып, қамауға алынды.

Бір-біріне ұқсайтын екі қылмыстық іс шамамен төрт айдан астам зерттеліп, проку-ратура сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеті бойынша санкция жасағаннан кейін облыстық қылмыстық істер жөніндегі маманданды-рылған ауданаралық сотына тапсырылды. Тергеушінің дәлелдері нық болды. Арқанға жұққан қан мен алақаннан аққан тер, әйел-дердің зорланғаны туралы ДНҚ сараптамасы, саусақ іздері, сақинаға қатқан қан, костюм түймелері, ең бастысы күдікті Серіктің істі мойнына алғаны сот отырысында қайта талқыланды. Осылайша дүйім елді дүр сілкін-дірген қос қылмыстық оқиғаның беті ашылды. Бұрын сотталған Самат пен Тұрлыбек ауыр және аса ауыр қылмысы (адам өлтіру, зор-лау және адам ұрлағаны) үшін сот үкімімен өмір бойына бас бостандығынан айырылды, ал кінәсін дер кезінде мойындаған Серік 25 жылға бас бостандығынан айырылды.

Үлкен қылмыстың беті ашылған соң Тұрар Сүлейменов өз ауданына қайтуға жолға жиналды. Тергеу басқармасының басшысы Рашид Аймағанбетов, полиция полковни-гі Сәрсен Рыспаев тергеушінің тиянақты атқарған ісіне, ұқыптылығына, алғырлығына сүйсініп, алғысын білдірді. Кім біледі, егер Тұрар Сүлейменов болмаса, бұл қылмыс ашылмай қалар ма еді?!

А.БӨЙТБЕЙҚЫЗЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:	
Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жанася Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5527 дана Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №174 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31